

2012-2013 жылдардың қыстау кезеңіне аналық малдың (сиырлардың) бір басын ұстауға арналған шығындардың нормативтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімінің 2012 жылғы 19 қарашадағы № 29 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 28 қарашада № 3507 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімінің 22.04.2013 № 11 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 1365 қаулысына сәйкес Ақмола облысының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2012-2013 жылдардың қыстау кезеңіне сүт бағытындағы аналық малдың (сиырлардың) бір басын ұстауға арналған шығындардың нормативтері 16420 (он алты мың төрт жүз қырық) теңге, ет бағытындағы 10215 (он мың екі жүз он бес) теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ. Қ. Айтмұхаметовке жүктелсін.

3. Облыс әкімінің осы шешімі Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ. Қожамжаров